

## Қырғызстандағы қазақтардың этномәдени ерекшеліктері

Олардың негізгі бөлігі Бішкек қаласында, Сокулук аудандарындағы Манас, Приозерное, Раздольное, Алтыбарак елді-мекендерінде, Аламедин, Талас, Шу, Токмок өңірлерінде және Ыстықкөл аудандарында рулық жақындығына қарай шоғырлана қоныстанған. Қырғызстандағы қазақтардың рулық құрамына келетін болсақ мұнда негізінен Ұлы жүздің сарыүйсін, дулат рулары мен Орта жүздің арғын рулары мекендейді. Шу, Талас өңірі қазақтары ұлы жүзден құралып, өздерінің ертеден мекендеген ата қонысын жалғастырса, Орта жүздің арғын тайпалары жоғарыда айтып өткендей тарихтың әр кезеңіндегі тарихи оқиғалардың салдарымен келіп, қай аумақта болмасын ру-ру болып орналасқан. Мәселен, Манас селосында Темешбайдан тарағандар бөлек орналасса, Семей жақтан келген керейлер бөлек көше, Озерное деген елді мекенде арғынның жәуіктен тарағаны көбірек, сол сияқты шұбыртпалы, мейрамсопы деген аталары да бірыңғай мекендейді.

Ал, Сокулук ауданының Ақжай ауылында 100 үйден аса арғындар, 5-6 үй үйсін, Манас селосында да арғындар басым болып, 150 отбасы үйсіндер бар. Бішкектің маңайындағы «Ұшқын», «Алты барак», «Янги пахта» елді-мекендерінде де орта жүздің арғын, тобықты, азырақ уақ рулары кездеседі. Ал Камышевка елді мекенінде үйсіндер басым да, Қант ауданында (Ыссыката ауданы) орта жүз қазақтары көбірек. Бішкек қаласының «Ат заводы» маңында да 20-30 үй тарақты, үйсін қазақтары мекендейді [1,112-113бб]. Ал, Ыстықкөлдегі шашыраңқы орналасқандарды «сіңбе қазақтар» деп атап кеткен. Сол сияқты Биоводск ауданының Қарабалта, Қайыңды, Ускун (Қазақстан шекаралас) жерлерде де қазақтар баршылық (2).

Қырғызстандағы қазақтардың этникалық тарихына келетін болсақ, олардың бір бөлегі қырғыз халқымен еншілес орналасып, ежелден келе жатқан ата қонысын мекен етсе (Шу, Талас бойындағылар), ендігі бір тобы халқымыздың басына түскен тарихи зобаландармен байланысты қоныс тепкен. Олардың Қырғызстан аумағында тұрғандығы жөнінде көптеген зерттеулер мен деректерде кездеседі. Мәселен, \* Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыру бойынша 1147 «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу проблемалары» ғылыми жоба аясында ХІХ ғ. аяғы ХХ ғ. бас кезеңіндегі қырғыз елі аумағындағы қазақтардың саны жөнінде мына бір деректер: «Пішпек уезі Пригороднее болыстығындағы 556 кожалықта - 2477 қазақтар болса, Нарында - 4, Пішпекте - 48 қазақ кожалығы болды», - деп көрсетіледі [3, С. 63-64].

Нарын өңіріндегі қазақтар жөнінде мына архив құжатындағы мәліметте: «...1909 ж. 5 мамырдағы Нарын болыстығындағы халықтарды есепке алу кезеңінде қазақтар А.Лутинге қарсылық көрсетіп, нәтижесінде ол дене жаракатын алады. Бірақ қазақтардан келетін аса бір қауіп болмаса да,

бұлардың мына әрекеті орыс үкіметінің беделіне нұқсан келтіреді, сондықтан оларды Ақмолаға жер аудару керек», - делінеді [4, 9-12 пп.]. Бұл құжаттар қазақтардың аталған аумақтарда қырғыздармен қатар өмір сүргендігін көрсетеді. Халқымыздың басына түскен зобалаң жылдары олардың бір бөлегі Қытайға ауғандығы белгілі. Соның бірі 1916 жылы Жетісу облысындағы «Қазақ-қырғыз көтерілісі» оқиғасы халқымыздың бір тобының жаппай шетелдерге, көршілес елдерге оның ішінде Қытай мемлекетіне қашуына мәжбүр етті. Әсіресе Қаракөл, Нарын округінен қырғыздар мен қазақтар көп кеткен. Осы жөнінде архивтен алынған деректе былай делінеді: « қытай еліне Қаракөл уезінің барлығы, Нарыннан 5 болыстықтың жартысы- нан астамы, Пішпек уезінен Сарыбағыш болыстығы және көрші Шансы және Тыковскі халқының үлкен бөлігі қашты. Сондай ақ Алматы, Жаркент, Лепсі және Қапал уезінен де көптеген қазақтар ауды. 1916 ж. оқиға зардабынан қашқан адам саны шамамен 100 мыңға жеткен», - деп көрсетеді. [5, 136 п.].

Ал, Кеңес өкіметінен қорқып қашқандар жөнінде, яғни 1917-1918 жж. партизандардың қызыл отрядтары террорынан, дүние мүлкін алып қояды деген қауіппен, тағы да халықтардың Қытайға қашуы кең етек алды. Қытай елінде қазақтардың жағдайы өте ауыр болды. Уәкіл Б. Салтанаевтың есебі бойынша 600 адам бір үзім нанға баласын әйелін сатқан. Өртүрлі қарызды мойынға ілгендер саны- 500 дей болған Көп әйелдер қытайларды дүнген мұсылмандар деп күйеуге шықты, ал кейін қателігін біліп, олардан кетемін деген әйелдердің тілін кесті. Тіпті олармен бірге еріп келген жас қыздарын әйелдікке алды. Кейбіреулерін жезөкше үйлерінде ұстады», - деп көрсетеді [5, 137 п.]. Міне, осындай ауыр жағдайларды көзбен көріп қайтқан соң оларды қайтарып алуға Кеңес өкіметінен көмек сұралып, оған ақша бөлініп елге көшіру шаралары жүргізіледі. Бірақ олардың елге қайтуы бірнеше жылдар жүрді. Ал, 1921-1922 жж. жер реформасын жүргізуіне байланысты біршама тез жүрді. Соның өзінде қазақтардың 2300 қожалығы Қытайда қалып қойса, елге бет бұрған олардың бір тобы төл Отанға қайтудан бас тартып қазіргі Бішкектің төңірегіне, Ыстықкөлге қоныс тебеді.

Бұл жөнінде 2000-2001 жж. Қырғызстандағы қазақтар арасынан жиналған деректерде бірнеше информаторлар өздерінің Қытайға ауып, одан қайтарда Қазақстанға оралудан үрейленіп, 20-30 отбасы қырғыз елінде қалып қойғандығын, қырғыз манаптарының қамқорлығы арқасында аман қалғандықтарын айтады (6). Қырғызстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуының ендігі бір себебі 1924-1926 жж. этникалық- мемлекеттік территорияны межелеу шараларымен байланысты болды. Мәселен, шекараны меже- леу бойынша қазіргі Қордай ауданына еніп тұрған «Арғын» ауылының азаматтары өздерін қайта Қырғызстан аумағында қалдыруды сұрайды. Межеленген этникалық-мемлекеттік

территория қайта қаралып, нәтижеде 42 отбасы 200-ге тарта қазақтар Қырғызстан республикасындағы қазақ санын көбейтті [1, 71-72 бб.].

Сондай-ақ, Қырғызстандағы қазақтардың ендігі бір бөлігі ұжымдастыру кезінде Қытай аспақ болып, ары өте алмай қырғыз елінде қалып қойғандарды құрайды. Мәселен, Қалиев Бұғыбай, Мәдібекұлы Бөлекбай, т.б. ақпарат берушілер Қарағанды облысынан 15-20 үй болып Нарынға көшіп, одан ары өте алмай, бір жылдай тұрып, Бішкектің төңірегіне жайғасқандығын айтады. Бүгінде Бішкек қаласының төңірегіндегі «Манас», «Алтыбарак», «Приозерное», «Раздольное» т.б. елді мекендердегі қазақтар сол кезеңдегі арғындардың ұрпақтары. Сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстанның этникалық территориалдық шекараларын межелеу барысында (қазақ-қырғыз арасында шекараны нақтылау 1924 жылдан 1929 жылға дейін жүргізілді) Сусамыр, Қанжайлау, Қарқара т.б. жайлауларға қатысты дау көп болды. Бұл жайлаулар қазақ пен қырғыздың ежелден қатар еншілескен жерлері екендігіне қарамастан Қырғызстанның пайдасына шешіліп отырды. Оған бір жағынан даулы территориялардағы халық есебі қыс мезгілдерінде жүргізілуіне байланысты қазақтардың қыстауда болуы, екінші жағынан бұл аймақтардың қазақтар шоғырланған жерлерден шалғайлау болуы деп айтуға болады. Осындай жағдайларға байланысты 1926 жылдарда Қырғызстан территориясында 14324 қазақ саны көрсетілсе, 1927 ж. мамырда Қырғызстанда 1766 қазақ болғандығын архив құжаты көрсетеді [7, 6 п.]. Сондай ақ арғындардың қаракесек руының көпшілігі Қырғызстанға ашаршылық кезінде келеді. 2001 -2003 жж. жиналған далалық деректерде Әбдібаев Кәсен ақсақалдың өз көзімен көргенін айтқаны бар еді. Ол: «1931-1932 жж. қаракесек туысқандар келе жатыр деп естіп, алдынан шыққанымызда, ашаршылық әбден өтіп кеткен екен, шыдай алмай көбісі өліп кетті, ал Қырғызстанға ертерек қоныстанған қазақтар ашаршылықты көп көрген жоқ», - деп әңгімелейді (6). Сол сияқты, Ыстықкөл аймағындағы қазақтардың орналасуы жөнінде мына бір деректе былай делінеді: «Ыстықкөл шұңқырында Ақсу пі- кеті маңы қонысқа қолайлы ал, Заукеде қазақтардың егістігінен басқа аса маңызды қоныстар жоқ. Қазақтар негізінен Ақсу мен Топай аралығында көбірек көшіп-қонып жүреді» [8, 10 п.]. 2002 жыл- дары Қырғызстанға іссапармен барғанымызда «Қазақ ұлттық мәдени орталығы» төраға орынбасары Молдабаев Бейсехан, Қарқара жақтан ауып келген Ыстықкөлдегі қазақтардың бір бөлігі 1958-1960 жж. еліне көшсе, бір бөлегі қырғыз болып кетті, - деп айтып қалды.

Сонымен ел арасынан жиналған деректерге қарағанда, олардың бір тобы өздерінің ата бабасын 100-150 жыл бұрын келгендігін айтса, ал енді бір тобы ата бабалары көрген зорлық зомбылық нәтижесінде елден кетіп, пана іздеуге мәжбүр болғандардың ұрпақтары екендігін әңгімелейді. Қырғызстандағы қазақтардың этнодемографиясына көз жіберсек, 1924-1926 жж. Қырғыз автоно- миялы облысының Пішпек округінде қазақтар 4,6 %,

қырғыздар 44,8 %, өзбектер 4,2%, орыстар 41,4% құраса, Қаракөл-Нарында қазақтар 1,8 %, қырғыздар 71,8%, өзбектер 2,3 % болды. Қалған екі округ Жалал Абад пен Ошта қазақ кездеспейтін [9, 650-651бб.]. Жалпы 1926 ж. санақ бойынша қазақ саны –1766 көрсетілсе [10, 202-205бб.], архив құжатында – 1749 қазақ саны беріледі [11,109 п.]. 1932-1933 жж. ашаршылық, астықтың шықпауы, экономикалық қиыншылықтар т.б. себептерге байланысты Қырғызстанға Қазақстаннан, Сібірден көптеген мигранттар келді. Мұндай миграциялық үдерістер қырғыз еліндегі халықтардың этникалық құрамын өзгертті. Нәтижесінде 1939 ж республикадағы қырғыздардың саны 51,7%-ке түседі де, есесіне басқа ұлттар көбейеді. Мәселен орыстар 20,8%, немістер 0,8%, қазақтар 1,6%-ке көбейді. [12, С.70]. 1939 ж 17 қаңтардағы есеп бойынша 23925 қазақ саны көрсетіліп, Қырғызстан халқының 1,7% құрады. [11,109 п]. Ал, 1959 ж. халық санағы бойынша Қырғызстанда 2006,0 мың адам тұрып, оның 836 мыңы (40,5%) қырғыздар, 623 мың (30,2%) орыстар, 218 мың (10,6%) өзбектер, 20067 (1,0%) қазақтар құрады [13, С.179]. 1959 ж. мәліметке қарағанда қазақ саны 1939 ж. санынан кеміген. 1959-1979 жж. қазақ саны бар-жоғы 7 мыңға көбейсе, 1989 жылы Қырғызстанның халқы 4257 мың адамға жетіп, оның 2229 мыңын (52,4%) қырғыздар, 616 мыңын (21,5%) орыстар, 550 мыңын өзбектер (12,9%) өзбектер, 37318 (0,9%) қазақтар құрап [1,154 б.] , тағы бір 20 жылда 10 мыңға көбейеді. 1897-1999 жж. аралығындағы Қырғызстан халқының жалпы саны мен қазақтардың үлесін кесте- мен көрсетейік.

Кесте 1 - Қырғызстан республикасындағы халық саны

Адам	1897	1920	1926	1939	1959	1970	1979	1989	1999
Барлық халық саны	663,0	860,0	1001 697	14582 13	206613 33	29332 10	36228 32	42577 55	48229 38
Қазақ	-	-	1766	23925	20067	21998	27442	37318	42657

Қырғызстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жүргізілген 1999 ж. санақ мәліметі бойынша Қырғызстанда барлығы 4822938 адамның 3128144-ін қырғыздар, 603201-ін орыстар, 42657-ін қазақтар, т.б. халықтар құрайды. [15.]. Бұл кезеңде қазақтардың жартысына жуығы Бішкек пен Шу облысында шоғырланды. Мәселен, К.И. Қобыландин өз мақаласында Бішкекте 15 мың, Шу облысында 6 мың, Ыстық көл облысында 10,4 мың, Талас облысында 8 мың, оңтүстік аумақтарда Баткен, Ош, Джалал-Абад облыстарында 3,6 мың қазақ бар екендігін айтады [13,С.180.]. Дегенмен де 2000 жылдардан кейін қазақтардың өз тарихи Отанына бет бұруына байланысты қазақтар саны тек 2004-2008 жж. аралығында 41394 адамнан 38866 яғни 2528 адамға кемиді. Жалпы қорыта келгенде 2009 ж. мәлімет

бойынша Қырғызстанда 33,2 мың қазақ қалады. Мұның барлығы әрине қазақтардың жастарының келешегін ойлап, ата-мекенге бет бұруы, Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық жағдайының басқа Орталық Азия республикаларымен салыстырғанда көш ілгері бо- луы, сондай ақ саяси және рухани-мәдени факторларда өз ықпалын тигізді деуге болады. Ақиқатында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және шет елдерден келіп жатқан отандастырымызға көрсетіліп жатқан қамқорлық Қырғызстандағы қазақтардың бір бөлігінің елге ора- луына әсер етті. Солардың бір бөлегін Қырғызстандағы отандастарымыз құрайды. Статистикалық мәліметтер бойынша көрсететін болсақ, 1989-1998 жж. Қырғызстаннан оралған оралмандар төмендегі көрсеткіштерді береді: Жамбыл облысына барлығы 1224 адам келген. Оның 428 қалаға, 59796-ы ауылға, Алматы облысына-390 оның -133-і қалаға, 257 – ауылға, Оңтүстік Қазақстан облысына барлығы 101 оның -58-і қалаға, 43-і ауылға, Қарағанды облысына барлығы –105 оның 89-ы қалаға, 16-ы ауылға., Шығыс Қазақстан облысына барлығы-90, оның 69-ы қалаға, 21-і ауылға, Ақтөбе облы- сына барлығы-17, оның 12-і қалаға қалғаны ауылға, Ақмола облысына –33 оның 15-і қалаға , қалғаны ауылға. Батыс Қазақстан облысына барлығы 13 адам, оның –8-і қалаға, қалғаны ауылға. Сол сияқты Солтүстік Қазақстанға (16), Қостанай облысына (19), Қызылорда (37), Маңқыстау облысына (21) адам келген [16,129 б.]. Қазақстанға Қырғызстаннан барлығы 2093 оралман жоғарыда көрсетілген жылдар аралығында келген. Дегенмен де Қырғызстаннан келіп жатқандар саны Орталық Азия елдерінен келіп жатқан қандастарымыз санымен салыстырғанда азшылық. Осы жерде айта кету керек, Қырғызстанның әлеуметтік экономикалық даму деңгейі төмен болғанмен мұндағы қазақтардың біршама бөлігі ауқатты. Сондықтан болар жастарының болашағын ойлағандар болмаса үлкендер жағы кетуге асықпайды. Жалпы алғанда 1991 жыл мен 01.10.2011. жыл аралығында Қырғызстаннан 2559 отбасы 9248 (1,1 %) оралмандар келген. Облыстар бойынша көрсететін болсақ, Ақмола облысына 54 отбасы 216 адам, Ақтөбе облысына 10 отбасы, 23 адам, Алматы облысына 592 отбасы 1323 адам, Атырау облысына 10 отбасы 24 адам, Шығыс Қазақстан облысына 29 отбасы 180 адам, Батыс Қазақстан облысына 18 отбасы 67 адам, Қарағанды облысына 188 отбасы 618 адам, Маңқыстау 22 отбасы 47 адам, Орталық қазақстан 166 отбасы 492 адам, Алматы қаласына 156 отбасы 508 адам, Астана қаласына 126 отбасы 485 адам келген [17,12 б.] Этномәдени еркшеліктеріне келетін болсақ, қырғыз еліндегі қазақтар негізінен өздерінің дәстүрлі мәдениетін жалғастырып отыр деуге болады. Соңғы кездерде екі жақ та жастардың қалауын біліп, тек келісім шарттар жасауға барғанда және қалыңдықтың басын байлау мақсатында оған сырға, жүзігін ала барады.

Мұндай жағдайда көбіне әйелдер барып, бұл келісті, Қырғызстандағы қазақтар «қарғы бау» не «үкі тағар» деп атаса, Өзбекстанда «моншақ тағар» не «сырға салар» деп атайды [1, 266-268 бб.]. Сол сияқты Қазақстанның

басқа өңірлерінде «үкі тағар», оңтүстігінде де «сырға салар» т.б. деп әрқилы атаған. Қырғызстанда тобек шығыу (төрге шығу) ақсақалдарды жинап келісу күнін атайды. Мұнда да нан сындырып уәдені бекітіп, бата береді. Бір-біріне сый-сияпат көрсетіледі. Жаушылардың алғашқы келген күнінде негізгі шешімдер қабылданып, қалың малдың көлемі, жасау шығыны мен көлемі, үйленетін күні құда шақыру және қыз кешесі (қызды шығарып салу) тойлары белгіленетіндігін ертеректегі жарияланған әдебиеттерде кездеседі. Құйрық-бауыр туралған табақ екі жақтың сөзін сөйлеп отырған құдалар алдына қойылады. Құдаласуды бекітетін бұл ғұрыпты Қырғызстандағы қазақтар жергілікті халық сияқты «көнек салар» деп те атайды. Қырғызстандағы қазақтардың үйленуге байланысты әдет ғұрып салт-дәстүрлеріндегі бір ерек- шелік күйеу жігіттің қыз жеңгесіне апаратын «күйеу табағы». Жігіт күйеу табаққа қыз жеңгесіне 30 метрден 100 метрге дейін қымбат мата апарады. XX ғ. 70 жылдарына дейін күйеудің апаратын бұл кәдесі жеңгенің беліне байланады, оны басқа жеңгелері шешіп алып бөлісетін болған. Сонымен бірге балдыздарына деп, қалтасына иіс су, сабын, орамал, әртүрлі әшекейлер т.б. салып барады.

Бұл жоралғылар қай аумақтағы қазақ болмасын әлі күнге дейін сақталған. Оны қарақалпақтар және осы аумақтағы қазақтар «қол қарау» деп те атайды. Қырғыздарда қалыңдық басына сәукелесін киіп туысқандарының ортасында отырады. Оны «та- хья сайды» деп атайды. Күйеу жігіт киіз үйдің бір шетін көтеріп, таяққа орамал байланған жағымен қалыңдықтың бас киімін қозғалту керек. Байланған орамал жеңгелеріне сый ретінде беріледі.

Күйеудің бас киімді қозғалтуына қарай олардың некесінің қалай болатындығын болжаған. Ал, Қырғызстандағы қазақтар аса дүркіремей бүгінде бала бесікке жатпағандықтан бесік апармай тек балаға сый-сияпатымен барып қайтады. Қандастарымызға қырғыздардан енген тағы бір әдет баланың үшке толғанда нағашыларына барып шаш алғызуы. Мұны «шаш алғызу» деп атайды. Бұл дәстүрде нағашы жұрт жи- енге мал атайды. Сондай ақ баланың нағашы жұрттан алатын бәсіресі де халық арасынан қалмаған. Алынған айдар шашты үйдің ортасындағы ағашқа не сандыққа салып тығып қоятын болған. Бірақ шашты қайтыс болғанда бірге көметін болған. Бала өсіп тіс шығар кезде оған арнайы алдына жабатын киім тігіп беретін болған. Оның аталуы «су- лук» не «сілекей». Ол құрақ маталардан үшбұрыш не төртбұрыш етіп жасалынады. Құрақ етіп тігілуінің де өз мәні бар. Ол көбейсін деген ғұрыппен байланысты. Мұндай алжапқыштарды бала 3-4 жасқа дейін киетін болған, ол бәле-жаладан сақтайды деген ұғым болады. 9-12 айда бала қаз тұрып аяғын апыл-та- пыл баса бастаған кезде тұсау кесу рәсімін жасайды. Қазақтың бұл ғұрпы баланың болашақта сүрінбей тез жүріп кетуі үшін жасалынады. Бұл дәстүрде де қазақ баланың тұсауын кесетін адамды алдын ала дайындап қояды. Ол аяғы жеңіл, әрі жолы ашық адам болуы керек. Сондай ақ, жүргенде тез,

шапшаң 60 жүргіш, мал тапқыш адамға тұсау кестіріп, ақысын береді. Баланың тұсауына ала жіппен байлап қоңырау тағылады. Ала жіп (тіл көзден аман болу) қорғаушы, қоңырау ол баланың аты атақты болу үшін тағатын ырымы (19). Бұғанда үлкендер тұсау кесетін адамды алдын ала дайындайды. Егер әйел көп жылдар бойы бала көтере алмаса, ол көп балалы үйлерге барып мақта қалдықтарын жинап, бала алжапқышын тіккен, бұл бала көтеруге зор көмек жасайды деп сенген (20). Қазақ салтында бөбектің өсуіне байланысты жасалынатын «құйрық ботқа», «бауыр аяқ» деген ырым жоралғыларда ертеде болғанмен де қазір көп кездеспейді, тіпті көбі білмейді. Қорыта келгенде Қырғызстандағы қазақтар да әлемдегі қазақ диаспорасының аз бөлегін құрағанмен, іргелес отырған елде өзінің этномәдениетінің қалпын бұзбай дәстүрлі мәдениетін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруда оларды жас буындарға жеткізу үшін бірлікті, берекені және елдікті сақтауға, сонымен қатар атажұрт Қазақстанмен барлық салаларда байланысты нығайтуға ұмтылып келеді.

### Әдебиеттер:

1. Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар. – Алматы: қазақ университеті, 2011.- 406 б.
2. Мәдібекұлы Бөлекбай жасы 73- те, руы тарақты, Сокулук ауданы, Ақтай айлы.
3. Статистический ежегодник 1917-1923 гг. – Ташкент,1924. - Т.1. – 147 с.
4. ӨРОМА. – 36 қор. – 1 тізбе. – 143-іс. – 113 пп.
5. ҚырРОМА. – 847-қор. –1 тізбе. – 27 іс. –135-137 пп.
6. Әбдібаев Кәсен 1918 жылы туылған, руы- арғын. Қырғызстан Манас Селосы
7. ҚырРОМА. –21-қор. – 3 тізбе. –105 іс. – 6 п.
8. ҚырРОМА. –20 қор. –1 тізбе. –187 іс. – 10 п.
9. Вся Средняя Азия 1926 год. –Ташкент: ЦСУ, 1926. – 654 с.
10. Кронгардт К.К. Население Киргизии в последней трети XIX-начале XXвека. – Фрунзе, 1989. – 228 с.
11. ӨРОМА. – 1 қор. – 1 тізбе. – 324 іс. – 109 п\п.
12. Всесоюзная перепись населения 1939 года. Основные итоги. – М., 1992. 264 с.
13. Кобыландин К.И. Об этнографическом составе казахов Кыргызстана //Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, 2012. – 376 б..
14. Желоховцева А.Н. Население Киргизии. – Бишкек, 2000. – 267 с.
15. 2001 жылы Қырғызстан республикасының статистикалық комитетіненалынған мәлімет.
16. Итоги переписи населения 1999 // Агентство РК по статистике. Миграция населения. – Алматы, 2000. – С. 86-129.

17. Қазақстан республикасындағы оралмандардың, азаматтығы жоқ адамдардың және босқындардың құқықтарының ахуалы туралы арнайы баяндама.- Астана, 2012. -140 б.
18. Дүйсебаева Динара 77 жаста, қырғыз, тоғанай, Жалаладдин облысы, Ақсай аймағы, Ақсу ауданы.
19. Иманбаева Ұлдана, 83-те, руы сары үйсін, Бішкек қаласы.
20. Суанбекова Тұрсын 1938 жылы туған, руы – есқожа, адресі: Бішкек қаласы, Токтагул –10 көшесі.

**Б.К. Қалшабаева т.ғ.д.,**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**